

ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ЫБЫРАЙДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Мендыбаева Шнар Жаманшаловна
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-сарапшы
Аманжолқызы Айдана
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-модератор
Кыдралина Анар Толетаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-сарапшы
Гошоская Алла Любомировна
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1 санатты
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы КММ № 19, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі. Ыбырай Алтынсарин өнегелі ісімен тарихта аты қалып, халыққа өнер-білім таратуда өлшеусіз еңбек сіңірген ағарту саласын жаңа сатыға көтерген биік тұлға. Ол нағыз халықшыл жазушы, ағартушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген өз уақытының қажырлы қоғам қайраткері, өз заманының аса маңызды мәселелерін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы болғандығы қай заманда болмасын жастарымызға үлгі болып, мұраларының қазіргі кезге дейін өз өзектілігін жоймай келе жатқанының куәгері болып отырмыз. Ыбырай мұрасын кейінгі ұрпақ дәріптеп, асқақтата жырлайды. Бұл ақынның асыл армандарының іске асқанының көрінісі

Мақсаты. Қазақ әдебиетіне шағын проза жанрын тұңғыш әкелуші екендігін басты назарға ала отырып, Ыбырай Алтынсариннің өзінің артынан қалдырған мұрасын келешек ұрпаққа жеткізу, маңыздылығын, құндылығын насихаттау.

Түйінді сөздер: тұлға, педагог, тәрбие, құндылық, ағартушы.

Аннотация

Актуальность. Ибрай Алтынсарин-человек, который своим нравственным поступком вошел в историю и внес неоценимый вклад в популяризацию искусства и образования для народа. Он был подлинным народным писателем, просветителем, неутомимым общественным деятелем своего времени, поднимающим важнейшие проблемы своего времени, поэтом-новатором, неустанным предвестником этого нового, и мы являемся свидетелями того, как его наследие до сих пор не теряет своей актуальности. Наследие Ибрая прославляется и воспевается последующими поколениями. Это воплощение благородных мечтаний поэта.

Цель. Принимая во внимание, что он является первопроходцем жанра малой прозы в казахскую литературу, он должен передать наследие, оставленное им И.Алтынсарина будущим поколениям, пропагандировать важность и ценность.

Ключевые слова: личность, педагог, воспитание, ценность, просветитель.

Abstract

Relevance. Ibray Altynsarin is a man who made history with his moral act and made an invaluable contribution to the popularization of art and education for the people. He was a genuine folk writer, an educator, a tireless public figure of his time, raising the most important problems of his time, a poet-innovator, a tireless harbinger of this new, and we are witnessing how his legacy still does not lose its relevance. Ibray's legacy is celebrated and celebrated by subsequent generations. This is the embodiment of the noble dreams of the poet.

Goal. Taking into account that he is a pioneer of the genre of small prose in Kazakh literature, he should pass on the legacy left by him to future generations, promote the importance and value.

Keywords: personality, teacher, education, value, educator.

XIX ғасырдаулы кемеңгер ағартушылар, сөз зергерлері, дүлділ шешендер, хандар, айтыскер ақындар мен Шоқан, Абай сынды белгілі ағартушылар болды. Солардың ішінде оқу-білім саласында ерекше еңбегімен өмірлік мұра қалдырған тұңғыш кемеңгер ағартушы ұлы ұстазымыз – Ы. Алтынсарин. Ыбырай есімі халқымыз үшін ардақты, соның ішінде Торғайлық үшін айрықша қастерлі. Себебі, Ыбырай Торғай халқына білім шырағын жағып, келешек ғалымдардың алғашқы баспалдағы болды. Ал Торғай халқы Ыбырайдың атағын әлемге паш етті. Елдік пен ерліктің, өнер мен берекенің мекені

болған шежірелі өлкеде ұлы ағартушы эстафетасын жалғастырушылар бүгінде ғылымның барлық саласында кездеседі. Бұны Торғай жеріндегі ағартушы мұражайынан көруге болады.

Ыбырай Алтынсарин-халықтың өмірінде, тарихында орны бөлек, өз өмірін халық тағдырымен бөліп қарамай, халық ағарту саласында қызмет етті. Жас ұрпақ отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, сана-сезімін жетілдіру әрқашанда педагогтардың басты назарында болып келеді. Еліміз егемендігін алғанға дейін кеңестік дәуірден бері көп ұлтты Отанымыздың барлық халықтары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, өздерінің ұлы достығын шыңдап келеді. Ы.Алтынсариннің тұңғыш өмірбаянын жасаушылар да, оның педагогикалық ой пікір мен жұмысын жүйелі түрде әр кезде баяндаушылар да орыс шығыстанушылары мен ғалымдары, оқу-ағарту жұмысының озық ойлы, ғалым-ұйымдастырушылары болды. Олар орыстың белгілі шығыстанушы-ғалымдары В.В.Григорьевич, Н.Н. Ильминский, Н.А.Боброников, А.А.Боброников, А.Е.Алекторов, А.В. Васильев, М.П.Ронгинский, С.В.Чичерина, И.Я.Яковлев, Н.Ф. Катанов т.б.[1, 12 б.].

Орыстың белгілі шығыстанушы ғалымдары Ы.Алтынсариннің өмір жолын, педагогикалық ойын жазса, ұлы ағартушы туралы жерлестеріміз «Дала қоңырауы» поэмасын өлең сөзбен өрнектеп жазған ақын Қазақ мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғафу Қайырбеков болса, Әсет Ламашев «Ыбырай Алтынсариннің орыс достары және ізбасарлары» атты тарихи очерк жазды.

Ыбырай Алтынсариннің ізбасарлары мен әріптестері ұлы қазақ педагогінің өзі бастап енгізген оқу жүйесін жалғастырды, оның қалыптасып, дамуына белгілі дәрежеде еңбек сіңірді, оқу-ағарту саласындағы идеяларын насихаттады, оқулықтарын әлденше рет бастырып шығарды. Халқымыздың «Елдің атын ер шығарады» деген тамаша қанатты сөзі бар. Соған орай Ыбырай дәстүрін жалғастырған ізбасарлары М. Дулатов, А. Байтұрсынов, С. Көбеев, М.Хәкімжанова, Ғ.Қайырбеков, Қ. Жармағанбетов, Н.Г. Иванов, Н. Құлжановалар болды.

Ыбырай-ірі қоғам қайраткері, ағартушы педагог. Тарихта тұңғыш 1864 жылы 8 қаңтарда Торғай жерінде Ыбырай ашқан мектептің алғашқы шәкірттері 14 болса, сол шәкірттер саны бүгінде бірнеше мыңға жетті [2, 129 б.]. Ыбырай мектебінен өнегелі ісімен тарихта аты қалып, халыққа өнер-білім таратуда өлшеусіз еңбек сіңірген ағарту ісін жаңа сатыға көтерген біртуар тұлғалар тәлім алды, Тұңғыш Республика халық ағарту өнер училищесінде дала комиссары Әліби Жангелдин оқыса, мектебінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтардың оқығандығын қалай мақтаныш етпессің!

А. Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» еңбегі қазіргі таңда Ыбырайдың педагогикалық ісін жалғастырушы болып табылады. Сонымен қатар, ұлы ағартушы мектебінен тәлім алған Қанекей Жармағанбетов, Ғафу Қайырбеков, Шәміл Мұхамеджанов, Сейіт Кенжеахметов, қоғабай Сәрсекеев, Серік Тұрғынбеков, Серікбай Оспанов, т.б. көрнекті тұлғаларды атауға болады.

«Отан отбасынан басталады» дегендей, оның ұлылығы мен осындай дәрежеге жетуі нағашы жұртынан екені өз шығармаларында баяндалады.

Балғожа атасы немересіне:

Үміт еткен көзімнің нұры-балам,

Жаңына жәрдем берсін хақ-тағалам.

Атаң мұнда анаңмен есен-аман.

Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асырғарсың.

Оқуға көңіл бөлсең басыларсың.

Ата-анаңды өнер білсең асырарсың.

Надан боп білмей қалсаң, «аһ» ұрарсың,-деп батасын береді. Осы атасының батасы қабыл болған Ыбырай-тек қана ұстаз ғана болған жоқ, ақын, прозашы, публицист қазақ қоғамын қараңғылықтан ғылым жолына алып шығуға бар күшін жұмсаған талант

иесі, адал азамат. Оның адал дос екенін, орыс ұстаз-достары Н.И.Ильминскийге, А.Е.Алекторовке, В.В. Григорьевке жазған хаттарынан аңғаруға болады [3, 81-82 б.].

Қазақ балаларына арнап оқулықтар жазған ғалым-педагог өз пікірінде былай дейді: «Мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағытынан ғайтпай, қазақ өз тілінде шығара білуі керек».

1879 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Қазақ хрестоматиясының» қазақ әдебиеті пәнінің атасы, әдебиеттің оқулық жасаудағы алғашқы тәжірибе деп бағалану, қазақ педагогикасының классикалық туындысы ретінде тұлғалану себебі-ол бастаған көш кейін үзіліп қалмай, Ыбырай оқулығы үлгісінде қазақ тілінде әдеби мазмұндағы оқулықтар шығып, бүгінгі кәсіби педагогикалық сападағы әдебиет пәніне ұласты.

«Қазақ хрестоматиясы»-қазақтың ана тілінде оқу кітаптарын шығарудың мүмкін екенін тарих дәлелдеген, қазақ тілінің тарихы мен өміршеңдігін қорғаған бірінші еңбек. Оған жазушы өзінің балаларға араған өлең, әңгімелері мен халық әдебиеті нұсқаларын молынан кіргізген.

Қазіргі таңда Қостанай облысы, Тобыл қаласында ақын зиратының қалпына келтірілуі-өз ұрпағын құрметтеудің, халқының имандылығының белгісі. Ыбырай өз ортасынан гөрі, басқа ұлт өкілдерімен бірге жүрсе де, өз дінін, тілін, ел-жұртын, ауыз әдебиетін жоғары бағалаған. Иmandылық бағытта тәрбие берген еңбегі – «Мұсылманшылық тұтқасы» жинағы соңын дәлелі [4, 20-21б.]. Аллаға сыйынып, барлық игілікті, жақсы істерді Алланың атымен бастауға тәрбиелейтін және жастарды оқуға, білім алуға шақыру үлгісінде жазылған өлеңі:

Бір Аллаға сиынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

Өлеңнің әр шумағынан оқудың пайдасын түсіндірсе, бір жағынан өмірдің бас қызығы тек қана байлықта емес, оқу, өнер, ғылым-білімде екенін жырлайды.

Қазақ өлеңдерінің жаңа түрін, суретті лирикаларын, мазмұнды да мәнді жыр өрнектерін туғызушы, жаңашыл лирик Ыбырай ақын «Өзен», «Жаз» деген өлеңдерінде табиғат көріністерін шебер суреттеуімен ерекшелінеді. Осы табиғат лирикасын кейін Абай Құнанбаев тереңдете дамытты.

Ыбырай Алтынсарин-балалар әдебиетінің атасы. Ол-қазақ әдебиетінің шағын проза жанрын, соның ішінде әңгіме, новелла, мысалдарды тұңғыш әкелуші.

Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы- еңбекті сүю, қадірлеу, Отанын, елін сүйетін патриоттық семізге, талапты, жігерлі, кішіпейіл болу. Жалқаулықты, қиянат жасауды, надандықты сынап, жас ұрпақты жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады.

Әр шығармасы -жас оқырманның тіліне жеңіл, түсінуіне оңай, өмір шындығынан алынған, тәрбиелік мәні бар дүниелер. Балалар әдебиетінің атасы әр халықтың айырмашылығын, тәрбиесін, тұрмысындағы ерекшеліктеріне қатты назар аударды. Әңгімелерінің тақырыбы тәрбиенің әр саласына жатады. Мысалы, «Таза бұлақ» «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Әдептілік» сияқты әңгімелері бала бойындағы кемшілікті, еріншектікті, алаңсыздықты, аз заттың қадірін білмеушіліктен бойын аулақтатып, адам бойындағы асыл қасиеттерді қалыптастыруға баулиды [5, 160-161б.].

Ал «Атымтай жомарт» әңгімесінде Атымтайдың жомарттығы, еңбекқорлығы, еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ еңбек адамының үлгісі ретінде суреттейді. Бұған қоса

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде тіпті ең кішкентай жәндіктердің өзі тіршілік үшін еңбек ететінін балаларға үлгі етеді.

«Қыпшақ Сейітқұл», «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімелерінде Ыбырай өз дәуірінің мәселелерін шындық үлгіде ескі салттардың ыдырауы мен үстем таптың әлеуметтік негізінің осал екенін аңғартады. Адам жақсы қылықтар және осы жақсы қасиеттерді жарыққа шығару үшін қашанда талап керек екенін білдіретін «Мейірімді бала», «Аурудан аяған күштірек», «Талаптың пайдасы», «Бақша ағаштары» шығармалары осының дәлелі [6, 18-21б.].

Әдебиетіміздің көркемдік дәрежесін көтеруге зор үлес қосқан Ыбырай Алтынсарин-тұңғыш аудармашы. Аударма жасауда оның жазушылық шеберлігі дами түсті. Ыбырай аудармаға үлкен маңыз бере отырып, ұқыптылықпен қарады. Ол «Қазақ хрестоматиясына» кірген біраз материалдарды И.И.Паульсонның «Книга для чтения и практических упражнений в русском языке», К.Д.Ушинскийдің «Детский мир», «Родное слово», Л.Н.Толстойдың балаларға арналған кітаптарынан алды. Олардың аудармалары көп жағынан еркін. Жазушы кейбіреулерінің сюжетті мен тақырыбын алып, өзінше жазған. Қазақ тұрмысына жақындатып, өзінің төл әңгімелерімен қатар қойған [7, 4-8 б.]. И.И. Паульсоннан «Бір уыс мақта», «Алтын шеттеуік», «Тәкаппаршылық», «Әдеп», Л.Н. Толстойдан «Силинчи ханым», «Мұңсыз адам», «Данышпан қазы», «Үш ұры», «Жақсылыққа жамандық», «Жаман жолдас», К.Д.Ушинскийден «Түлкі мен ешкі», «Сауысқан мен қарға», И.П.Крыловтан «Қайырымды түлкі», т.б. аударған әңгіме-мысалдардың барлығы Ыбырайдың өзінің төл шығармаларындай болып тұрады.

Қазақтың оқу-ағарту жүйесіндегі тұңғыш қайраткері Ыбырай Алтынсарин жас ұрпақты тәрбиелеуде ғылымның жаңа іргетасын қалады. Ол көркем әдебиет тілінің тазалығы үшін күресіп, кейінгі ұрпаққа таза ана тілін үйретуді мақсат етті. Ыбырай жалаң үгіттің ақыны емес, ол-өз кезеңінің ең әсерлі, ықпалды жаңашыл жазушысы. Оқушы жастардан бастап, бүкіл халыққа пайдалы ең жақсы әдет-салттарды, өмірге тиімді кәсіп түрлерін, озат оқу-білімді, адамгершілік қасиеттерді сіңіру үшін күресті. Бұл мәселелер Ыбырай кезінің сол дәуір ұсынған ең келелі де керекті жаңа тілектері еді.

Ыбырай Алтынсарин-нағыз халықшыл жазушы, ағартушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген өз уақытының қажырлы қоғам қайраткері, өз заманының аса маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның танымсыз жаршысы. Ол-өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін жұмсаған адал жанды азамат.

Ыбырай есімі мен ісі Торғайлықтар жүрегінде, білімнің тұңғыш шырағын жаққан, тұнық ойды оятып жапан дала төсінде жезқоңырау қаққан асыл азамат ретінде мәңгі қалады. Туған халқын өнер ғылымға үндеген:

Біз надан боп өсірдік

Иектегі сақалды

Біз болмасак сіз барсыз

Үміт еткен достарым

Сіздерге бердім батамды... деген ұлы ағартушы сөзін, өсиет орындауда игі дәстүрді, даңғыл жолды келешек ұрпақ жалғастыра бермек.

Жаңару дәуірінде жаңа сапалық деңгейге жетіп отырған халық ағарту ісі, Ыбырай ата тағылымы, асыл мұрасы ғасырдан ғасырға саф алтындай жарқырап, мәңгілік жасай беретіндігіне бүгінгі Ыбырай ізбасарлы нық сенімді.

Қорыта келгенде жерлес ақынымыз Ыбырай Алтынсарин-қазақ халқының үлкен мақтанышына айналған ірі тұлға, ұлы ұстаз, тұңғыш ағартушы-ғалым, шебер жазушы, фольклоршы, этнограф. Ол өзінің бар күш-қуатын, қайрат-жігерін халқына қызмет етуге арнады. Ұлы тұлғаның педагогикалық, әдеби еңбектері мәңгілік рухани мұраға айналып отыр. Қазақ даласында тұңғыш мектеп ашқан Ыбырай Алтынсариннің келешек ұрпақ үшін атқарған еңбегі күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ [8, 10-11б.].

Ыбырай атамның бар арманы- қазақ баласына білім беріп, сауатсыздықты жойып, дегеніне өз қарапайымдылығымен өлын жеткізсе, қазіргі жаһандану кезеңінде ана тілінде білім беру үрдісін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауындағы мектептердің жаңадан ашылуының, жаңа технологиялық әдістерді пайдалану ұрпақтың келешекте үш тілді еркін игеруіне мүмкіндік беріп отыр. Бұл ақынның асыл армандарының іске асқаны деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003.
2. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар. – Алматы, Жалын 1991.
3. Әбжанов Х., Әлпейсов Ә. «Ы.Алтынсаринді жаңаша оқығанда». /Қазақстан мектебі ж. – Алматы 1992.
4. Бәшірова Ж. Ы.Алтынсарин имандылық туралы. / Бастауыш мектеп. – 2001. – №11.
5. Жадрин М. Ы.Алтынсарин және қазіргі оқулық мәселесі. /Бастауыш мектеп ж. – №11.
6. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы, 1969.
7. Әлімханұлы Д. Бір уыс мақта. – Астана: Таным, 2003. – №5.
8. Құбаева И. Ыбырай Алтынсарин – шағын әңгіме шебері. /Қазақ тілі мен әдебиеті. – №7-8.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ҚАЗІРГІ БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНУ

Молдабекова Бахытжамал Кореновна
Заречный орта мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі Қостанай қаласы

Аннотация

Өзектілігі: Мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы қарастырылып, оның қазіргі білім саласындағы рөлі мен маңызы көрсетілген. Ұстаздың өткен ғасырда пайдаланған әдіс-тәсілдері біздің заманымызда да өзекті болып отырғаны сөзсіз. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымақтастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын. Ыбырай Алтынсариннің ізгі ойлары, педагогикалық идеялары көптеп саналады.

Мақсаты: І.Алтынсариннің жас ұрпақпен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының мазмұнының сапасын арттыру мақсатында тәрбиегетуралы көзқарасын талдау.

Түйінді сөздер: педагогикалық мұрасы, білім беру, қазіргі білім саласы, қазіргі заман, тәртіп, тәрбие.

Аннотация

Актуальность: В статье рассматривается педагогическое наследие Ибрая Алтынсарина, показана его роль и значение в современной сфере образования. Несомненно, методы, которыми пользовался учитель в прошлом веке, актуальны и в наше время. Идея сотрудничества, гуманизации, которую сейчас называют новизной, была сформирована уже тогда Ибраем Алтынсариним.

Цель: Анализ взглядов И. Алтынсарина на воспитание в целях повышения качества содержания воспитательной работы с подростками.

Ключевые слова: педагогическое наследие, образование, современное образование, современность, дисциплина, воспитание.

Abstract

Relevance: The article examines the pedagogical heritage of Ibray Altynsarin, shows its role and significance in the modern field of education. Undoubtedly, the methods used by the teacher in the last century are still relevant in our time. The legacy left by pedagogy finds support in the modern field of education. The idea of cooperation, humanization, which is now called novelty, was formed even then by.

Goal: Analysis of I. Altynsarin's views on education in order to improve the quality of the content of educational work with the younger generation.

Keywords: pedagogical heritage, education, modern education, modernity, discipline, education.